

3

Ақылға өрмек
тоқыған
өмір

6

«Қалжан ахун»
кітабы – өткен
тарих өнегесі

Сыр бойы

№79 (21154) 2 маусым, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz
www.instagram.com/syrboy_kz
t.me/syrboy_kz
twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ, БІЛІМ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Халықаралық балаларды қорғау күнінде ерекше сипаттағы келісті кешен ашылды. Бұл – Мемлекет басшысының қолдауымен салынған Ботаникалық бақ. Президент саябағында орналасқан кешеннің ашылу рәсіміне облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Мереке күні жеткіншектерге тарту етілген Ботаникалық бақ құрылысын «Алем Quryulus AQ» ЖШС жүргізді. Нысанның іргетасы былтыр қыркүйек айында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен қаланған болатын. Құрылысына 4,9 млрд теңге бөлінген.



Салтанатты сәтте облыс басшысы Мұрат Нәлқожаұлы балаларды құттықтап, Ботаникалық бақ жұмысы жеткіншектердің тиімді демалысын ұйымдастыруға және тың жобаларды жүзеге асыруға бағытталғанын атап өтті.

– Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бала – біздің басты байлығымыз. Білімді, дені сау, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың ортақ парызымыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы:

«Ұл-қыздарымыздың парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау – мемлекетіміздің басты міндеті», – деген болатын.

Бүгін Президент саябағының аумағынан ашылған Ботаникалық бақ – осы ауқымды бастаманың аймағымыздағы нақты әрі жемісті көрінісі. Бақ ішіне Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкада өсетін жасыл желек егілді. Осы арқылы жас жеткіншектерге өсімдіктердің экокүйедегі

маңызы түсіндіріледі. Бұл жай ғана балалар серуендейтін саябақ емес, табиғат пен ғылымды ұштастыратын, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын көпфункционалды кешен болмақ. Балаларымыз осы жерде табиғатпен тілдесіп, эко-жауапкершіліктің, еңбекқорлықтың шынайы үлгісін көреді. Осы бақтан біздің аймақтың ғана емес, бүкіл еліміздің экологиясын зерттейтін болашақ ғалымдар, биологтар мен агрономдар шығады деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

2-бет

/// ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖАЙЫЛМАНЫҢ ҚАРБЫЗЫ ШІЛДЕНІҢ БАСЫНДА ПІСЕДІ

Қазір диқаннар егін басында. Алқаптағы тіршілік қайнап жатыр. Кейбір бақша дақылдары пісіп, саудаға шықты. Жайылманың қарбызы да шілде айының басында базарға түседі. Бұл туралы «Ахатай» шаруашылығының үйлестірушісі Досхан Мәуленқұловтан білдік. Диқан қарбалас уақытқа қарамай бізбен тілдесіп, шаруа жайын бөлісті.

Биыл 80 гектарға қарбыз егілді. Шаруашылықтың құрылғанына 10 жыл толған, онда 40-тан астам адам еңбек етеді. Бала кезінен шаруаға бейім диқан жиырма жылдан бері егіншілікпен айналысып келеді.

– Сәуірдің басында жерді дайындап, егіп бастадық. 18-і күні пленка әдісімен дән себілді. Әр дәнді қолдан ектік. Бір ұяға бір түйір дән салынады. Екі-үш күнде екі құлақ болып шыға бастайды. Жиырма күннің ішінде 4-5 құлақ айналады. Сол тұста пленканы тесіп, сабағын сыртқа шығарамыз. Қазір гүлдеп тұр. Қарбызды екеннен кейін 80 күннен соң піседі. Осылайша шілде айының басында қарбызды саудаға шығара бастаймыз. Енді ала жаздай ыңыран кеткен түспейді. Уақытылы тыңайтқыш себіліп, зиянкестердің алдын алу, арамысін жұлу сынды әр істі қадағалаймыз. Жұмыс оңай емес, таң бозынан қас қарайғанша бел жазбаймыз. Піскеннен кейін еңбек ақталса деп ниет қыламыз. Баға деген тұрақсыз. Бірде тәп-тәуір өтсе, бірде арзанға беруге тура келеді. Себебі өнім уақытында жұлынбаса сарғаяды, ал сабағынан бөлінген соң тез өтіп кеткені дұрыс, – дейді ол.



Досханның айтуынша, шаруалар үшін пленка әдісі тиімді. Себебі көшет көлегейлеп бапалады. Әлесті 2005 жылдан бері қолданып келеді. Желден, суықтан, жаңбырдан қорғайды. Жас көшеттің берік өсуіне ықпал етеді. Ал судан мәселе жоқ, «Жиделі» су қоймасынан алады. Ол қар, жаңбыр суынан жиналған.

– Егінді аптасына бір рет суарамыз. Тау суын ішкен қарбызды өзгелермен салыстыруға келмейді. Дәмі балдай болатыны да сол. Оның үстіне тыңайтқышты мөлшерімен ғана қолданамыз. Бабын келтіріп, күнін толтырып қана сабағынан үземіз, – дейді ол.

Быттыр диқан мол өнім жинады. Гектарына 30 тоннадан асты. Келісін 40-50 теңге аралығында саудалады. Басым бөлігі Ресей мен Батыс Қазақстанға жөнелтілді. Облыс көлемінде де сұраныс жоғары болды. Қарбызын базарға жеткізіп үлгермеді. Себебі сатып алушылар жүк көлігімен алқап басынан алып кетті. Досхан был да еңбегі еш кетпейтініне сенімді. Маңдай тер мен адал еңбектің арқасында өнім мол жиналмақ.

Иә, қауын, қарбыз піскенде ең алдымен жұрт Жайылманың қарбызын тосады. Бағасы арзан, дәмі тіл үйірер дақыл қашанда сұранысқа ие.

Расында, қай салада болсын еңбек адамы сыйлы. Оның ішінде дарқан дала төсінде ақық дәнді аялаған диқан еңбегі ерен.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН!

ҮШЕМ ҮЙІНЕ ШЫҚТЫ

Облыстық перинаталдық орталықта дүниеге келген үшем үйіне шықты. Хадия, Дария және Жәния есімді сабилер 27 наурызда жүктіліктің 32-аптасында дүниеге келген. Туған кездегі салмақтары 1210, 1470 және 980 грамм еді. Екі ай бойы дәрігерлердің бақылауында болған нәрестелердің салмағы айтарлықтай артқан. Қазір 2390, 3390 және 2060 граммға жетті.

Сырдария ауданы Бесарық ауылының тұрғыны 32 жастағы Нұрсұлтан Берікбол мен Мөлдір Бекбаулы бүгінде бес баланың ата-анасы атанып отыр.

– УДЗ тексерісіне келгенде егіз немесе үшем деп күтпедім, бірақ дәрігерлер айтқанда қатты таңғалып, қорықтым. Кейін кезекті тексеріс барысында үшінші шақалаққа ауа жетпей жатыр деген бойда жеделдетілген кесір тілігімен босандырды. Дәрігерлердің біліктілігінің арқасында ота сәтті өтіп үш күн ішінде қалпына келдім, балаларым жақсы, – дейді Мөлдір.



Облыстық денсаулық сақтау басқармасы ана мен бала бөлімінің басшысы Айгүл Асылбекқызы жас отбасын құттықтап, сый-сияпат табыстады.

Анель ГАЖДЕНБЕК

/// АПЫРАЙ-Ә!

ГҮЛ СЫЙЛАР ЕДІМ...

Қоғамда «ап бәрекелді» дейтін іс көп. «Өттен-ай» дейтін де аз емес. Көп созып қайтеміз? Сараптайтын дүниеміз ауқымды. Тақырыпта айтылғандай, адам қуанышын еселейтін осы бір дүниенің кей-кейде парқына барып жатпағандаймыз. Мәселе оның салмағында не пулында емес. Әркім өзі біледі. Кімнің қалтасын санап жатқандаймыз бұл күнде?! Бірақ дақпыртқа еріп дарақылыққа мұнша жол беру жыл сайын үдеп барады. Өңгіме басын көшегі «Соңғы коңырау» мерекесіне бұрсак. Сондағы гүлдер шоғыры. Ақ гүлдер. Көк гүлдер. Көп гүлдер. 41 талдан басталып, 101 тал сулу гүлді құшақтаған жас тұлғалар. Тіпті бір қалада 1001 тал гүлді жеті бозбаланың иыққа артып келгенін де көрдік...



Суретті түсірген Нұрболан НУРЖАУБАЙ

6-бет

Валюта бағамы \$ 485,95 kzt

€ 565,74 kzt

₸ 6,83 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+31°



+19°

Жексенбі



+33°



+18°

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР – «ЕҢ ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ КОМАНДА»



Биыл 29 оқушы халықаралық олимпиадалардың жүлдегері атанса, 143 оқушы республикалық олимпиада, ғылыми жоба байқауларында үздік нәтиже көрсетті. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысымен Қызылорда облысының командасы «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясын иеленді. Сонымен қатар, екі оқушы жоғары оқу орындарының білім грантын жеңіп алды. Бұл – жақсы жетістік.

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев халықаралық, республикалық пәндік олимпиада, ғылыми жоба конкурстарының жеңімпаздарымен және олардың жетекші ұстаздарымен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысының білім мен ғылымға ұмтылысты қолдауының арқасында өңірде ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Расында, дарынға не болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен,

үздіксіз дайындықпен келеді» деген болатын.

Дана халқымыз «Білім – таусылмайтын кен» деп бекер айтпаған. Қай заманда болсын, елдің еңсесін тіктеп, болашағын баянды ететін күш – білімді ұрпақ. Сыр өңірінің ғана емес, күллі Қазақстанның мерейін үстем етіп жүрген Өздеріңіздей талапты да талантты жастармен кездесудің мәні зор, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Салтанатты жиында 30 жетекші ұстаз облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, шипажайға жолдама алды. Халықаралық және республикалық білім додаларында үздік нәтиже көрсеткен 36 оқушыға облыс әкімінің Алғыс хаты мен

планшет табысталды. Оқушылар мен ұстаздар ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

Айта кетейік, кейінгі жылдары Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен өңірде 200-ден астам әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Оның ішінде білім беру саласында 46 жаңа нысан іске қосылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынды. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты мен музыкалық колледждің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

«Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жанақорған және Шиелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» іске қосылды. Жақында жаңа балалар тынығу лагері пайдалануға беріліп, алғашқы демалушыларды қабылдады. Президент саябағындағы Ботаникалық білім беру орталығы ел игілігіне табысталды.

/// МЕРЕКЕ МӘЗІРІ

ЕМ АЛУШЫ БАЛАЛАРҒА СЫЙ

Облыстық көпбейінді балалар ауруханасында 18 жасқа дейінгілерге қызмет көрсетіледі. 420 төсек-орынға есептелген 13 бөлімше бар. Салаға көрсетілген қолдаудың арқасында өңірдегі саби өлімі 20,2 пайыз, бала өлімі 16,4 пайыз, ал жалпы аурушандық 9,8 пайыз төмендеген.



Кеше Халықаралық балаларды қорғау күніне облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мархабат

Жайымбетов осында арнайы барып, балалар денсаулығын нығайтуда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар пысықталды.

Мұрат Нәлқожаұлы салауатты орта қалыптастыру, аурудың алдын алу бағытындағы жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыруға қатысты жауапты мамандарға нақты тапсырма берді.

Әрі қарай емделушілерді мерекемен құттықтап, арнайы әзірленген сый-сияпат табыстап, ақжарма тілегін арнады. Бұдан бөлек, аймақ басшысы аурухананың сәуелі диагностика бөліміндегі МРТ аппаратының жұмысын көрді.

Кейінгі жылдары «Қамқорлық» балалар оңалту орталығы Жанақорғанда және Арал ауданында ашылды. Облыстық көпбейінді балалар ауруханасының жанынан «Қамқорлық» ерте араласу оңалту орталығы да пайдалануға берілді.

«Қазақстан халқына» қорымен тұрақты әріптестіктің арқасында 10 млрд теңгеден астам қаржыға маңызды әлеуметтік жобалар жүзеге асты, оның 5 млрд теңгесі денсаулық сақтау саласына бағытталды. Бұл қаржыға «Қамқорлық» оңалту орталықтарына медициналық жабдыктар, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды.

Бүгінде ана мен бала өмірін сақтау, денсаулығын жақсарту, демографиялық өсімді қамтамасыз ету үшін Қызылордадағы Президент саябағы аумағынан 200 орындық жаңа перинаталдық орталық салынууда. Бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсектік көпбейінді аурухана, сол жағалауда және Титов шағын ауданында емханалар бой көтеріп келеді.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ, БІЛІМ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Рәсімде Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов құттықтау сөз сөйледі. Білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар мен жаңа нысан құрылысын мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ботаникалық бақ – экологиялық танымды, туризмді дамытуға және жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған заманауи көпфункционалды кешен. Жалпы ауданы 1500 шаршы метр болатын екі жылыжайға Африка, Оңтүстік Америка, Австралия, Жапония, Қытай және Мадагаскар сияқты әлемнің әр аймағынан 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік егілген. Веерлі пальма, Канар құрмасы, кактус пен алоэ, Вашингтония пальмасы, стрелиция, жакаранда, алып юкка, макта ағашы, бамбук, сәндік өсімдіктер, каринота жайқалып тұр. Бұл өсімдіктер гүлдегенде хош иісі аңқып, қызғылт сары, көгілдір, күлгін сияқты алуан түске боялады.



Өсімдіктерге қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқару, суару және су дайындаудың заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Ботаникалық бақ өсімдіктердің бірегей түрлері өсетін орын ғана емес, экологиялық мәдениеттің, білім берудің және ішкі туризмнің дамуына қызмет ететін, аймақ тұрғындары мен контактары жиі бас қосатын мекенге айналады. Мұнда студенттер, мектеп оқушыларының, табиғат

жанашырларының танымын кеңейтуге барлық жағдай жасалған. Ботаникалық бақтың ерекше атмосферасы келушілерге жайлылық сыйлайды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының қолдауымен Сыр өңірінде кейінгі төрт жылда 46 заманауи білім беру нысаны табысталды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынды. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы пайдалануға берілді. «Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жанақорған, Шиелі аудандарындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» жас жеткіншектердің шығармашылық, зияткерлік әлеуетін арттыруға қызмет етуде. Жақында ғана жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы балалар игілігіне айналды.

«СБ» ақпарат.
Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

ӨНЕРКӘСІП – ЭКОНОМИКА ӨҢІ

Облыста «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қолдауымен және қаржыландыруымен бірқатар ауқымды инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Ayna Glass» ЖШС айна шығару зауыты, «Qazaq Camel» ЖШС түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру зауыты, сол жағалаудағы «Тұмар» және «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС екі шағын өнеркәсіптік аймағы, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау бағытындағы инвестициялық жобалар.

Өңірдің өнеркәсіп саласын онан әрі дамыту, инвестициялық жобаларды қаржыландыру және өндірістік кәсіпорындарды қолдау мәселелері әкімдікте өткен кездесуде талқыланды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Жанар Ибрашевмен кездесуде қормен бірлескен жобаларды жалғастырудың маңызын атап өтті.

Өз кезегінде Жанар Шатырханқызы қор алдағы уақытта да кәсіпорындарды жеңілдетілген қаржыландыру тетіктері арқылы қолдай беретінін жеткізді.

Сонымен қатар жаңа өндіріс орындарын іске қосу және қосымша жұмыс орындарын ашуға бағытталған жобаларды жандандыру жайы да қарастырылды. Өріптестік байланысты одан әрі нығайтудың, бірлескен жұмыстардың негізгі бағыттары айқындалды.

ҒЫЛЫМ ӨНДІРІС ӨЗЕГІНЕН ТАБЫЛУЫ ТИІС

Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты 2015 жылдан бері Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы құрамындағы еншілес ұйым ретінде жұмыс істейді. Күріштің бірегей, элиталық, бірінші репродукциялы тұқымын өндіру және өткізумен айналысады.



Қазір мекемеде 118 адам еңбек етеді, 20 ғылыми қызметкер бар. Ғылыми құрамда 5 ғылым докторы, 2 ғылым кандидаты, 1 PhD докторы және 8 магистр қызмет атқарады. Сонымен қатар, 8 жас ғалым ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев институт серіктестігінің егін алқабына барып, мұндағы ғылыми-зерттеу және өндірістік қызметті, күріш шаруашылығында қолданылатын агротехнологиялар мен су ресурстарын тиімді пайдалану бағытындағы жұмысты көрді.

Институттың ауыл шаруашылығы жер көлемі 4984,4 гектар, оның ішінде 1493,2 гектар егістік, 1741,3 гектар жайылым, 780 гектар шабындық және 969,9 гектар өзге де мақсаттағы жер бар. 28 техникасы бар. Биыл 500 гектарға күріш егеді. Бүгінде 310 гектары егіліп, 290 гектары суға бастырылған.

Облыс әкімі жауапты сала басшыларына су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуді, ғылыми жанашылдықтарды өндірісте тиімді пайдалануды және жұмысты сапалы әрі мерзімінде орындауды тапсырды.

Жалпы биыл облыста 185,8 мың гектарға, түрлі мақсаттағы дақылдар егіледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектарға себу жоспарланған. Көктемгі егін науқанына 19,7 мың тонна күріш тұқымы, сонымен қатар, 1570,9 тонна өзге дәнді дақылдар, 126,6 тонна майлы және 301,6 тонна малазықтық дақылдар тұқымы әзірленген. Бүгінде күріш тұқымының 11,4 мың тоннасы, яғни 58,1 пайызы себу дәрежесіне жеткізілген.

ҚҰРЫЛЫС ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Қызылорда қаласындағы бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылыс басына барып, ондағы жұмыс барысын пысықтады.

Алдымен сол жағалауда салынып жатқан көпсалалы медициналық мекемеде болды. Тәулігіне 500 келушіні қабылдауға арналған емхана 50 төсектік күндізгі стационар, амбулаториялық және диагностикалық бөлімшелер, сондай-ақ тұрғындарға кешенді медициналық қызмет көрсетуге арналған орындардан тұрады. Одан бөлек, нысанда 50 орындық аудитория мен 200 орындық конференция залы қарастырылған. Жалпы мұның құрылысына 14 млрд 780 млн теңге бөлінген.

Бұдан кейін облыс әкімі Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылыс алаңында болды. 4,6 млрд теңгенің жұбасы жүзеге асқанда көлік пен жаяу жүргінші қозғалысының тиімділігі артады. Қазір мұнда айналма теміржол салынып, инженерлік желілерді көшіру, бетондау, свай және тіреу қабырғаларын орнату жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Аймақ басшысы жауапты сала өкілдеріне құрылыс сапасы мен мерзімін тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

«СБ» ақпарат



/// СЫР-СҰХБАТ

АҚЫЛҒА ӨРМЕК ТОҚЫҒАН ӨМІР

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ БЕКМЫРЗА ЕЛАМАНОВПЕН СЫР-СҰХБАТ



Сыр елінің дамуы мен өркендеуіне ерен еңбек сіңірген тұлға, екі ауданның әкімі, облыс әкімінің орынбасары, облыстық мәслихат хатшысы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты секілді жауапты қызметтер атқарған қоғам және мемлекет қайраткері, Қызылорда қаласының және Қармақшы ауданының құрметті азаматы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Бекмырза Қайыпұлы Еламановты жалпы жұрт оның атқарған қызметтері арқылы ғана танып білуі мүмкін.

Жақында қаладағы «Жастар үйінде» ардагерлермен кездесу өтіп, сонда бір жас азамат: «Сіздер бізге не бердіңіздер?» деп сұрақ қойыпты.

Бүгінгі игіліктердің бәрі аспаннан түскен жоқ, біз «ерен еңбек сіңірді» деген сөзді үндестік үшін айта салмаймыз. Кешегі тоқсаншы жылдары дүкеннің сөрелері жылан жалағандай болып тұрды, ақша түгіл бас қайғы. Малдың маңқасы шығып, адамның аңқасы кепкен сор күндердің зілбатпан салмағын арқаға салып, бізге жеңілдігін жеткізген аға буын емес пе? Әлде олар сол кезде Мальдивте демалып жатты ма?

Бұл жерде бір кілтипан бар, біз адамның ішкі жаунарын ашып көрсете алмай жүрміз. Баяғыда жазушы Ғабит Мүсірепов: «Бүгінгі әдебиетте мал бар, малы жоқ, көмір бар, көмірші жоқ» депті. Адам жарығы айналасына түссе, жастар оларға жадағай сұрақ қоймайды, жанына жақын тартып, солардай болсақ екен деп өліктейді. Демек, қате бізде, жылдар қыртысынан асылымызды аршып ала алмай жүрміз. Сондай асылдың бірі Бекмырза ағаммен әңгіме-дүкен құрдым.

— Аға, әңгімені сұхбатрарияның сағасы шыққан жерден бастайықшы.

— Солай дұрыс, әйтпесе пойыздан түсіп қалған бала сияқты боламыз. Біздің нәр алатын қуатымыз ата-бабаның, әкешенің өсиеті мен қасиеті екенін ешқашан ұмытуға тиіс емеспіз.

Үлкен атамыз Еламан деген кісі болған, одан Боранқұл туады, менің әкем Қайып — Боранқұлдың баласы.

Боранқұл атамыз бай, малды кісі болыпты. Тұрған жері — Қазалы уезінің 16-шы ауылы. Патша өкіметі кезінде де, кенес өкіметінің алғашқы жылдары да қазақ ауылдарының көбі осылай нөмірленіп аталды. Кейіндеу сол ауылдарды коммунистік партия көсемдерінің не революция тұлғаларының атымен атау етеқалды. Мысалы колхоз-совхоздардың бәрі — Карл Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин, Киров, Чапаев деген сияқты атаулар иеленді. Бұл да жергілікті тарихты сызып тастап, орыстық басқару құрылымын орнату саясатының бір жолы болды. Алайда, уақыт бұл атаулардың бәрін ысырып шығарды.

Сол атамыз мал жайымен үнемі Қызылқум мен екі ортада көшіп жүрген. Жалғыз үй емес, басқа да малды кісілер солай көшіп жүретін болыпты. Көш Қызылқумға дейін үш-төрт қонып барған. Әрине, атпен тіке тартса ондай қашық емес, бұл жайылым малының аяғымен кететін уақыт. Көшіп бара жатқандар дарияның сол жағасынан жетпіс шақырымдай жердегі Сейітпенбет әулие белгісіне дұға, тілектерін айтып өтеді екен.

Сейітпенбет — Қорасан ата атанған Абдулжалил бабтың ұрпағы. Сейітпенбет әулиенің кереметтері туралы әңгімелер де көп. Сол заманда мен әулиемін дегендер әр жерден шығыпты. Халық оларға қарсы сөйлеуді білмей, қол қусырып, құлдық ұра беруден шаршапты. Солардың өтірік-шынын білу мақсатында әулие екенінді дәлелде, тоқсан түйеге жүк болар отынды өртейтін, сол отқа кіріп шықсаң, шын әулиесің депті. Қызыл тілі жалаңдаған отқа Сейітпенбет әулие кіріп, жанбай шығыпты. Халық осыдан соң оны Ер Сейітпенбет деп атапты. Содан бастап әулиемін дегендер бұл өңірге ат ізін салмай жоғалыпты.

Базар жыраудың: «Отқа салса күймеген, Бір шарпыу тимеген. Арамды көнді сүймеген, Дін мұсылман баласын, Кереметпен билеген. Баба Түкті Шашты Әзиз, Ер Сейітпенбет, Мағзаман, Марал ишан, Сопы Әзиз, Солардан өткен сүм заман», — деген өлеңі де бұл тұлғаның биік дәрежесін анық танытады.

Әкем Қайыптың тоғыз жасында әкешесі қайтыс болып, Назгүл апасының қолында қалады. Жастайынан мал бағып, шаруа қамын күйттеп өскен біздің әкеміз өте еңбеккер адам еді. Назгүл апамыз інісін мал бағып жүре бермей, ел ішінде еңбек етіп, көпнен аралассын деген ниетпен он үш жасында Қорқыт стансасына жіберіпті. Бұл станса 1903 жылы теміржол тұскенде салынған, сол кезден Қорқыт атқандан. Әкем Қорқытқа келген соң ағайындардың үйіне жатып жұмыс істеген. Бұл 1920-жылдардың шамасы. Алғашқы кезде белгі берушінің көмекшісі, белгі беруші болған, содан бастап осы жерде қырық жеті жыл жұмыс істеген.

Оқудан жасы өтіп кеткен әкем «Ликбезден» сауат ашқан. «Ликбез» деген «ликвидация безграмотности» деген сөз, яғни сауатсыздықты жою. Кенес үкіметінің алғашқы жылдары жалпылай сауаттылық үшін күрес жүрді. Сол кезде жеті жасан отыз-қырық жасқа дейінгі балалар мен ересектер бір партада отырып оқыған.

«Ликбезден» сауат ашқан әкем онан әрі оқымаса да, білімді кісілерден кем емес еді. Қолжазуы тасқа қашап түсіргендей, әріптері өте сұлу таңбаланатын. «Правда», «Удочка» деген орысша шығатын одақтық газеттерді жасы ұлғайғанша жаздырып алып, оқыды. Жиырма жеті жасында станса бастығы болған. Мұның өзі әкемің сауаттылығын, көшбасшылығын танытады.

Соғыстан бронмен қалған. Темір-жолшылардың өзі әскерилермен теңестірілген. Соғыс кезіндегі теміржол жұмысының өте қиын болғанын әкем кейде әңгіме арасында айтып қалатын.

Әшелондар әрі-бері көп өтетін

тірлік жасамайды, біреу үй салса, бәрі асарлатып салады. Бір-біріне қол созу, көмек беру қалыптасқан дәстүр.

Мал әркімнің үйінде бар. Дарияның арғы бетінде шөп шабатын кішкене арал болатын. Жердің өсімдігі бірқелкі шыға ма, шабындықтың бір жері қою, бір жері сиректеу келеді. Ауылда шөптің шүйгінін жұрттан бұрын барып орып алатын өзімізді пысықайлар болмайды. Жазды күні шөп жетілгенше ауыл үлкендері аралға барып, шабындықты үй санына сәйкес елу-алпыс учаскеге бөліп, нөмірлеп, шек салады. Күзде әркім несібесіне қарай өзіне тиісті шөпті орып алады.



Суретері түсірген Нұржауыбай

болған. Әскерилер тиеген әшелон ұзағырақ тоқтап тұрып қалса, солдаттар вокзал маңындағы үйлерге кіріп, малдарын сойып алады екен. Ал қорыққан жұрт есіктерін тарс жауып, далаға шыға алмаған. Сондай бір күні әкем әшелоннан секіріп түскен солдаттардың алдын кес-кестеп, кеуделерінен кері итеріпті. Солдаттардың бәрі қарулы, бір офицер әкеме пистолетін кезеп, атамын депті. Әкем қасқайып тұра беріпті. «Бір мылтықтың аузына қырық кісі сыяды» деген, мылтықтың үңірейген ұңғысына кеудесін тосып тұру жүректі, батыр адамның ғана қолынан келетін әрекет. Осыған қарап, әкемді батыр адам деп айта аламын.

Ол кісі үкіметшіл, әділ адам болған. Жиырма бес жасында коммунистік партия қатарына өткен. Жұмысынан ешқашан қалмайды, ауру-сырқауды білмейді. Өзіміз көрдік, жұмысын бірде күндіз, бірде түнде істейтін. Ауысым ретіне қарай түсік мезгілде көз шырымын алады. Сондайда біз сыбырласып сөйлесетінбіз.

— Ол кездегі адамдардың бәрі осындай ма еді?

— Бес саусақ бірдей емес, әр заманда да әртүрлі адамдар болады. Дегенде, біздің бала күнімізде адамдардың көбі ынтымағы жарасқан, ауызбіршілігі мол, бір-бірімен ағайындай болып араласатын. Қазір жұмысы болмаса бірге тұғандардың өзі бір-бірінің үйіне кіре бермейді.

Ауылдың үлкендері бізді өз баласындай, одан кішілері туған інісіндей көретін. Далада кездесіп қалып, жұмсап жіберсе, жүгіріп кетеміз. Үй арасында сенікі, менікі бола бермейді, ыдыс-аяқтары араласып жатады. Есіктері ешқашан жабылмайды, бірінкіні бірі сұрамай алады. Ауылда ешкім өз бетінше

қайта-қайта сұрап бара бергесін Ақан: «Аға сұлтандықпен Шыңғыстың данқы шықты, жүйріктікпен Құлагердің данқы шықты. Осыны әкене айтып бар, сосын келіп Құлагерді ал» депті.

Оңай берді ғой деп қуанған ол әкесіне барып, Ақанның айтқанын жеткізеді. Сонда Шыңғыс: «Ой, ақылсыз балам, бұл мал да болса Құлагердің құны аға сұлтан әкеңмен пара-пар деген сөз емес пе? Біреу әкенді сұраса берер ме едің?» депті.

Содан кейін Жакып Ақанның алдына бармапты.

— Тамаша, тәрбиелі оқиға екен. Негізі біз сіз жайында жазбақ едік, әңгіме әкеңізге қарай ойысып барады.

— Әкемді айт та, содан сынық сүйем төмен мені айт, сонда жаңылмайсың.

— Дегенмен, балалық шақтан бір кезеңді көзге елестетіп көріңізші...

— Ауылда бастауыш мектеп бар еді. 1956 жылы, алты жасымда бірінші класқа барғанмын. Мектеп деген аты, жатаған екі бөлмелі там. Бірінші мен үшінші, екінші мен төртінші кластар қосылып оқитынбыз.

Бастауыштан соң Қармақшыдағы Калинин атындағы №105 қазақ орта мектебіне ауыстық. Мектептің темір-жолшылар балаларына арналған интернаты болатын. Бесінші кластан бастап сол интернатта жатып оқыдым.

Сол кезде бүгінгі академик, «Бола-

болатын. Танертен ұйқыдан сағат алтыдан отыз минут кеткенде бір мезгілде бірдей тұрамыз. Кешкі ұйқыға да бір уақытта түгел жатамыз. Шалбарымызға су бүркіп, тактайлап астымызға салып жатамыз. Өткеннен шыққандай болып қыр түседі. Төсенішіміз жұқа болғандықтан шалбарымызға сызық-сызық болып керуеттің тор сымының ізі түсіп қалатын кездер де болады.

Интернат директоры — Евгения Ивановна. Қармақшыға соғыс кезінде келіпті. Асханадағы аспазымыз тетя Тося деген апай. Осы кісілердің аты есімзіде қалды.

Сенбі сайын ауылға жүгіре бермей, танцыға қалатынбыз. Би десе, шашымызды қайырып шыға келеміз. Сол кезде «вист», «чарльстон», «вокстрот» деген билер сән еді. Би үйренгеніміз секілді шахматта үйрендік. Тіпті, темекі шөгетін болдық. Тезірек үлкейсек дегенің бір белгісі шығар. Бірақ, темекі шеккеннің жазасы да жеңіл емес, жұрт ұйқыға жатқанда тәрбиешілер саған еден жудырып қояды.

Бір күні директор Евгения Ивановнаның өзі бізді сағат он бірде төсегімізге жатқызып кетті. Кетті деп ойлағанбыз, сөйтсек, ол терезеден сығалып аңдыпты. Өйткені, келіп қайырып қалған біздің сағат он бірде жата қалуымыз екіталай. Содан тыққан темекілерімізді алып тұтатып, түтінін созып жатқанбыз. Бір кезде кіріп келді.

— Әкем бері, темекіні! — деді зілді сөйлеп.

— Темекі шеккен жоқпыз, — деп тайсақталдық.

Өтірігімізді әшкерелеп темекінің иісі бүркырап тұр.

— Ертен әке-шешелерімді шақыртамын. Интернаттан шығартамын! — деді ашуланып. Мұнан ауыр жаза бар ма, еден жуған айналайын екен. Түнімен ұйықтай алмадық. Сол күні жердің бетімен жүргеніміз болмаса, қарсы келген адамның жанында бас көтере алмадық. Жұрттың бәрі бізге тесіліп қарап тұрған сияқты, ұяттан өртендік. Әке-шешеміздің көзінше жер-жебірімізге жетіп жатқан мұғалімді елестетеміз. Сөйтіп, бір күн өтті, екі күн өтті. Бірақ, әке-шешеміз келген жоқ. Апайдың ешкімді шақырмағанын білдік.

Содан бастап біз темекі дегенге жолаған емеспіз. Күні бүгінге дейін. Қазір ойлап отырсам, не деген тәрбие деймін. Егер ол кісі әке-шешемізді шақырса, оған ерегісіп, темекі тартып жүре берер ме едік. Апай сол жаман әдетті ұятпен қойдыртыпты.

— Қазіргі мұғалімдерге осындай сус, сус па, жоқ, бедел ме, әйтеуір бірдеңе жеміспейтін сияқты ғой.

— Мұның рас. Мұғалімнің беделін көтеру керек. Бұл айлық жалақы мөлшерін көтерумен өлшенбейді. Мұғалім мектепке алынарда үлкен сынақтан өтуі тиіс. Қандай жаман әдеті, қандай жақсы қыры бар, баланы жақсы көре ме, үйіндегі тәрбиесі қандай болған, осыны саралау жоқ. Мұғалімнің жүріс-тұрысынан да, сөйлеген сөзінен де зиялылық көрініп тұруы тиіс. Бұл — бір.

Екіншіден, мұғалімнің беделін көтеруге ата-аналар да атсалысуы тиіс. Өйткені, мұғалім сол ата-ананың болашақ тірегін тіктеп жатыр. Қазір мұғалім өйтті, бүйтті десе, ата-аналар мектепке жүгіріп барып, бет жыртқысудан тайынбайды. Ал, біз заманымызда әке-шешені айтма десе қорқатынбыз, өйткені, әкешеміз мұғалімнің айтқанын істемегеніміз үшін бізді жазалайтын. Оның мысалын жаңа айтып өттім.

Мұғалім бағбан болуы тиіс, оның алдындағы бала — жеміс ағашы, жемістің құрт түспей, тәтті болып пісуі бағбанның байланысты.

— Аға, бағбан демекші, есік алдындағы жайқалған жеміс ағаштарын өз-іңіз ектіңіз бе әлде бағбаныңыз бар ма? — Жоғ-а, өзім ғой, бағбан. Мына алманы, жүзімді, алмұртты, шабдалыны, тіпті гүлдерді де өзім ектім. Оны егіп қоймайсың, суарасың, дәрлілейсің, күзейсің, суыққа тоңдырмауың, ыстыққа күйдірмеуің керек. Сонда ғана ол өнімді жеміс береді.

— Рахмет, аға. Венера апай екеуіңіз өмір бағының тәтті жемісі — балаларыңызың, немере, шөбере-шөпшектердің қызығын көріп, гасыр тойына жеміңіздер. Жас ұрпақ сіздердің үлкендіктеріңіздің үлгісімен өркен жая берсін.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

О, Тәңірім, ризамын, көрсеттің – Табысқаным ана менен баланың...

Тағдыр – Тәңірдің ісі.

Күлтегің

Бір үзік сыр...

(Ата рухымен тілдесу)

Йіріміне іліккен дүлей-кердің¹,
Жатта қалды сүйегі талай ердің.
Жастық жалын өткенмен

ГУЛАГ-тарда,
Топырағы бұйырды туған жердің.
Бұршақ² салды мойнына

сең жарың,
Қақыратып қамалын қайғы-шердің.
Тоба қазық таянып айдалада,
Тіні үзілді, беймезгіл алтын-зердің.
Бәлкім, оның тілеуі елге оралтқан –
Арасынан қасирет, қан мен тердің.
Іздегенде жүрегің сол бейнені,
Жанарыңнан сағыныш,

мұңды көрдім.
Ұқсатып жан-жарына болмысымды,
Жан дүниесі толқитын есіл ердің.
Ернің тиген алғашқы немеренді,
Еркелетіп, деуші едің:

«Назар кердім»³.
Иткөйлегім жейдеңе тігіп қойған,
Пәкізат, жоралғысы Шілтендердің⁴.
Катепті кара нардай, қайран атам,
Нелер жүкті кеудеңмен

көтермедің?!
Пролетарлық жүйенің қолшоқпары,
«Ат айырып, алдынан ағаш кердің».
Ерік болса басында аяулына,
Бір ескерткіш қоя алмай

өтер ме едің?
Сабырың болмағанда

күлге айналып,
Өкініштен өртеніп кетер ме едің?
Рухы берік азамат, «халық жауы»,
Сен өмірден озғанда он бесте едім.
Бүгінде бәрі өзгерді, ақталдыңдар,
Кенес – тарих, елесі –

келмес-керім.

Автор сыры

Саяси қуғын-сүргін жалмаған тағдырлар ізі, оқиғаны баян еткен куәгерлер әңгімесі бала кезімнен жүрегіме тұнып, санамда сақталды. Өйткені, мен екі «халық жауының» немересімін. Асыл әжем, «халық жауы» зайыбы Зейфун ханымның сүйегі қалған топыраққа 87 жылдан соң, 2017 жылы тағзым етіп, естелік кара такта орнату бұйырды. Ол Қостанай-Ақтөбе-Қарағанды-Қызылорда облыстарының қылысатын жері. Оның тұсындағы мұнартып тұратын қос төбе – Үш жүздің басы қосылып 1710 жылы Қазақтың алғашқы құрылтайы өткен «Құлжұмыр - Қаскәтөбе».

Елсіз далада «тоба қазығына» таянған, нәрестесімен бірге өмірден өткен, боз даланың боз шиіне оранған аяулы жанның басында тұрғанымда көз алдымнан көзіқарактылар, апам айтып кеткен оқиғалар тізбегі етіп жатты: ... Ол жантәсілім болғанда басына ақ құйылмай-ақ сылқ етіп құлап түскен бозжылан, мойын ұсынып келген соқыр киік, Торғайға жеткізуге тиіс «құпия көштегі» теңселген жандар (жарық көрген «Тоба қазық немесе құпия көштің онбір күні» атты хикаятта жазылған), боз дала бәрі... бәрі менімен сырласқандай... Жел де тынды, жарықтық... Тек ғана, ойым орап тұрған XX ғасырдың артына қарауға дәті шыдамады ...

Ал жан дүниемді суырып, жанарымды жетектеген мына екі торғайдың әрекеті ерекше болды, тіпті сөзбен жеткізе алмайтын ғажайып көрініс...

Атамның, әкемнің аманаттарын кешіктіріп орындағанымды ғапу етпейсің, аяулы әжетайым...

Әулиелік дегенді сезімнің шыңы деп едім.

Автор

Екі торғай

(Рухтар үндеседі)

Реквием

Көлбеңдеп, көңіл аулап мәні зордай,
Жанарымды жетелеп екі торғай,
Жол жиектеп, бұрғызды машинаны,
Қанатында мен үшін хабар бардай.

Ескі қорым алдымда іздеп келген,
Бейіттерде белгі жоқ жермен-жексен,
Ойдым-ойдым түрінен жобаладым,
Мүрделерді үстіне шөптер өскен.

Қос торғай әлденені мензегендей,
Бір құдірет сезімдік жөбегендей.
Тысым табыт тартты ма түйсігіңді?
Кимылыңды жан-жүйем елегендей.

Ей, торғай,
Немеремін жоқ іздеген,
Жадыма сіңірілген сол ізбенен,
Ғажап күйді ұқтырды әрекетің,
Осы ма екен сезімдер егіз деген?

Желіккен желін іркіп сұр даланың,
Ой-жүйемді суырып, жұмалалдың.
«Құлжұмыр - Қаскәтөбе» күрсінелді,
Ізі қалған кешегі мың дананың.

Ши лаһат, бір төмпешік даладағы,

Саясаттың кара мөр, кара дағы,
Аманатты арқалап келдім, әже,
Болмысыңды аялап санадағы.

Қиял кезіп, ой кетті тарқатылып,
Заман-елес толқындай тоғытылып,
Боз даланың боз шиі мамық төсек,
Топырағың жамылған арда тұлып.

– Мәссаған...
Боз жылан қайдан келдің боз бу артып,

Бауырыңды бір жазып, бірде тартып,
«Сезіміңде шың бар ма?» деп сынайсың,

Иіріміңнің қуаты бойды қарпып.

Арқадан қарап тұрды мама киік,
Жіпсіз тұсау желдірмей, желіні иіп.
Құралайын жоғалтқан мұңлық еді,
Қапияда мергеннің оғы тиіп.

Айналайын, боз торғай қылығыңнан,

Сәтті мезет сыйлаған артық мыңнан.

Көрмеген немеренді әжетайым,
Топырағың сезді ме табаныман.

Топырақта кие бар уыз кепкен,
Жыл жылыстап, бұл жерді ай күзеткен,

Тал бесік бұйырмаған шаранаңды,
Боз торғайдың үнімен жел тербеткен.

Құбылаға қаратып нұр жүзінді,
Құпия көш бұйдасы жолда үзілді.
Дегенеден¹ Торғайға жете алмадың,
Боз далада тауысып дәм-тұзынды.

Көзкөргендер айтушы ед жөн білетін,
«Бұршақ салған»² мойнына мәрт ниетін.

Қабыл болып тілегің, өсіп-өнді,
Артыңдағы бір саби – изафетің³.

Жүзі ауды жылатқан ғасырыңның,
Ақиқат бетін ашты ғасыранның.
Өмір жолы өнеге ұрпақтарға,
«Халық жауы» атпаған асылыңның.

¹«Дегене» – Ырғызға жақын жер атауы.
²«Бұршақ салу» – құрбандыққа өзін атап, мойнына белгі салу
³«Изафет» – жұрнақ, жалғастыру (араб.)

«Халық жауы» зайыбы, әжем Зейфун ханымның мүрдесін түйеге артып әкеліп жерлеген «Дүйспай-Тәмен» қорымындағы оның шимен қоршап кеткен бейітінің жұрнағын іздеп барғаныма, ғажайып сезімді басымнан кешірдім. Жобалап, түйсік-ой әсерімен ескерткіш тақта орнату үшін қада қақтырдым. Бес айдан кейін келіп, әлді қада қазылған жерге ескерткіш орнатқанымда қада түбінен шиден қаланған лаһатты таптық.

Аманаттағы айтылған нәрселер сәйкескендей. Үстін жарты метр топырақ басып, жусан өсітті.

Сезім ақылдан мықтырақ екен.

Автор

Сезім құдіреті

(Әже бейітін іздеп барғанда)

Сен жатқан жер бір қадам,
Бір қадам болды мың қадам,
Қанша жыл іздеп жүрегім,
Дәл тапқаным таң қалам ...

Торғай тартты жанарды,
Жылан тұртты табанды,
Боз киік дәрет етті де,
Түтқындап алды санамды.
Ой, пірім-ай, мынау құдірет –
Сезім бе, әлде сын бе екен?
Сол ғана көңіл сабыр ет,
Ұғынбасам ғапу ет,
Киелі мекен – данамды.
...Бір көш келеді қаралы,
Шегінтіп артқа заманды.
Тысымнан түскен бір сәуле
Сейілтті түріп тұманды.
Ғайыптан тайып елес кеп,
Сүт тамған жер елестеп,

Сол, кеселді қыргыннан?!
Уызын кеуіп, үзіліп тінің,
Айырған текті тұрқыңнан,
Гені ерекше тұқымың,
Сұраймын мен: «қандай ұлылық» деп,
Не деймін, сөзге:
Аштыққа «Ұлы» деп айдар таққан?
Жойқын ғой ол, халқым-ау,
Жоюға жарактанған...

Р.С.
«Великий голод в Казахстане»,
«Қазақстандағы ұлы аштық» деген еңбектерді зерделеп оқимын. Жүрегім қан жылайды. Жылап тұрып, жан дүнием дір етеді, «мұның несі ұлы екен» деп...

Эпиграф
О, Жаратқан... Тоқсан жылға жуықтапты... Өзгермеген... Сол шиен, шидің



Көмкерді, көктеп алаңды,
Тып-тыныш етті даламды,
Өлгі, өсіп тұрған боз жусан,
Сұлбасын беріп бейіттің,
Боз ши болып қаланды.
О, Тәңірім, шеберсің-ау,
Қосақтап өрген,
Тағдыр менен таланды ...

Қарапайымдылық, жақсылық пен ақиқат жоқ жерде ұлылық та жоқ.
Лев Толстой

Кеңес үкіметі кезінде Қазақстанда 5 миллион адам қолдан жасалған аштықтың құрбаны болды. Ол «Жойқын жұт», бірақ «Ұлы» емес... Автор

Ұлы деме жұтты халқым...

Ұлы деме жұтты халқым,
Ол – жалмайтын жойқын,
«Великий голод» дегендер,
Білмегендер «Ұлы» паркын.
«Ұлы» – биік, асқар-шың,
Тәңір сыйы, дүниенің –
Асылы ол, ақ жарқын.
Ұлы деме жұтты халқым,
Кесапатты, ол – қырғын.
Ара шөлден ар көшкен,
Ұлы жұртты қан кешкен,
Қасіреті ұлтымың,
Ұлы деме жұтты халқым,
Уланған Ұлы салтым,
Ошақтан от өшіріп,
Жалмаған улы жалқын.
Сауға сұрап масақтан,
Баз кешкен жаннан,
Несі «Ұлы» деп сұраймын мен:
Жаһаннан, Жаратқаннан?!
Сөлі солып, нұры кетіп,
Жанарын ашық қалдырған,
Көмілмей денесі іріп,
Өлімтігіне құзғын қондырған,
«Сен ұлы ма едің» деп сұраймын мен:

Сол, кеселді қыргыннан?!
Уызын кеуіп, үзіліп тінің,
Айырған текті тұрқыңнан,
Гені ерекше тұқымың,
Сұраймын мен: «қандай ұлылық» деп,
Не деймін, сөзге:
Аштыққа «Ұлы» деп айдар таққан?
Жойқын ғой ол, халқым-ау,
Жоюға жарактанған...

Р.С.
«Великий голод в Казахстане»,
«Қазақстандағы ұлы аштық» деген еңбектерді зерделеп оқимын. Жүрегім қан жылайды. Жылап тұрып, жан дүнием дір етеді, «мұның несі ұлы екен» деп...

Эпиграф
О, Жаратқан... Тоқсан жылға жуықтапты... Өзгермеген... Сол шиен, шидің

түбірі ... Қасиетіне бас иідім... Қасіретті қақпаған қиеннен айналайын, Ұлы далам!

...Иә, аманат арқаламасам дәл осы күйді кешер ме едім, кешпес пе едім, кім біледі?!

2017 жылдың мамыр айында жадымда сіңірілген ізбен, көзі көріп, куә болғандардың айтуымен төрт облыстың (Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда, Жезқазған) қиылысқан тұсындағы қорымға келдім. Құдірет күші жетектеп, сезім берген құбылыс, ой-пайымның қорытындысымен жусан жауып, көзім ілінген жерге қада қақтырдым.

Алты айдан кейін келіп ескерткіш «Қара такта» орнату үшін іргетас орнын қаздырғанымда, қабырғасы шиенмен өрліген лаһатты таптық. Маған көмекші болып, қызмет көрсеткен зерделі азаматтар – Максот Сағидоллаулы, Асылхан Ақбайұлы, Ұзақбай Молдабайұлы сол манайдан жұлып әкелген шиенді қолдарына ұстап ағынан жарылды, қуанды, менімен бірге толықныс күйін кешірді... Оларға Алланың нұры жауысын!

Бірнеше күнге созылған жұмысты аяқтап, Құран бағыштап, қажетті рәсім жасағаннан кейін, әрқайсымыз жағалай тұрған көліктің дөңгелегіне арқа сүйеп, ой құшағында ұзақ отырдық... Қоңыр күз еді, түс қайтқан... Құдіретке дауа бар ма?! Жарқыраған күн сәулесін көмескілеп ақша бұлт төбемізде қайырлады... Сәлден соң қоңыр-бұйра бұлтқа айналып орала жылжыды да, біз отырған ауқымды аймалап жұп-жұмсақ тамшыларын баяу бүрікті. Жана ғана орнатқан кара гранитке тамған тамшылар бірін-бірі қуалай, тізбектері құділап құлап жатты... Үп еткен жел жоқ, үдей берді... үдей берді... Жаңбыр тамшыларымен қосыла кеудемді жуған жанар тамшыларын топырақ та сіңіріп жатты... Қоштасар уақыт та жетті ... Тұсындағы үш жүздің басы қосылып 1710 жылы Қазақтың алғашқы Құрылтайы өткен «Құлжұмыр - Қаскәтөбе» де даланың нұрына бөленіп биіктей берді.

Абай елді мекеніне бет бұрып жолға түскенде, көз байлар кара нөсерге айналды. Осы жылы шегіртке қаптап, тасаттық жасаса да, бір тамшы жаңбыр тамбаған далада, елді мекендердің аумағында тынбастан үш күн, үш түн жауған нөсер айналаны айдыңға айналдырды...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Сол жауынға малшынған күйімде, кешқұрым қарақөлеңкемен қабатасып, анасының қабірінен пакетке салып алған азғана шиен пен белдеу ағаштың жұқанасын әке кесенесінің ішіне орналастырдым... Төпеген нөсер мен жан-жүйемнің жаңбырлы сәті де мәңгі есімде қалды.
Әкемнің жамбасы жерге тиген күні таңда көрген аянда, анасымен табысқан сәтін анық көрген едім. Табыстыңдар, Алланың қалауы болар. Содан бері, он жеті жыл өтіпті... Кешіктірсем ғапу етіңіздер, асылдарым?! Ғажайып дүние, бұйырған мезет ...

Шиентүп қасиеті

(баллада)

1. Сөз басы
Сапардамын...
Құлан иек, құла таңды атырдым,
Құба жоннан ізін кесіп ғасырдың.
Құм жиекті қырдан шиені¹ мен,
Ши шоғырын іздеп келе жатырмын.
Қасіретті қыл үстінен көшірген,
Куәсі еді, қиямет пен ақырдың.

Оң жақ Торғай – «Қыпшақ мекен,
Ұлы ары»,
Көтеріліп келеді күн патшалықта
тым-тырыс.
Маң даланың сексеуілі сыр тартып,
Жан-жүйемді кеулеп алды
бір тыныс.
Шиентүпті шиге әкелген аманат,
Жүрегімді жаулап алған жарқын іс.

Батыс - Ырғыз, маңдай алдым
Тегене²,

Қолат-қырлар көз тартады елене.
Торғайдың қақпасына иек артып,
Айбаттана көмкерілген кенере.
Көк аспанды көбесінен көтерген,
Көңсіз көктеу, айқарылған кереге...



Сейхундарияның сол жағалауындағы Өзгент өңірінде түгін түтетіп отырған Құрманбек пен Ұлбике анамыздың шаңырағында 1946 жылдың маусым айында ұл бала өмірге келді. Мұның алдында туған сәбилері шетінен кеткен көңілі күпті ата-ана нәрестенің есімін ырымдан Тұрсынхан деп қойды.

ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

Шүкір, оның артынан тағы алты перзент Тұрсынқұл, Әлімхан, Әуезхан, Нұрмахан, Ермахан, Дүйсенқұл атты ұл-қыз еріп, аман-есен өсіп-өнді.

Бүгін біз осы әулеттің үлкені, жасы сексеннің төрине шыққан Тұрсынхан Құрманбекұлы ағамыз жөнінде ой-толғауды жөн санадық. Өзі туып-өскен «Ақжол» ауылындағы мектепте білім алған ол жетіжылдықтан соң аудан орталығындағы №51 орта мектебінде оқыды. Қатарының арасында үздік оқылды, одан әрі шалғайдағы шаһарды асып, арман қуған ауыл баласының көшін бастағандардың бірі еді.

Ол 1964 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, ғалым-агроном мамандығы бойынша жоғары білім алды. Еңбек жолын сол кезде іргесі қаланған «Задария» совхозында бас агроном болып бастады. Алғашқы күндерден өзінің біліктілігін танытып, шаруаның көзін біліп, күршіті егу мен күтіп-баптауда жоғары агротехникалық талаптарды мерзімінде жүргізіп, мол өнім алды. Облыста озат агроном атанып, оған қызметте пайдалану үшін «Газ-69» жеңіл автокөлігі берілді.

Жас маманның еңбекке араласа бастаған шағында білікті аға толқынның қанатының астында қамқорлықта болуының өзі үлкен мектеп. Өзі осы совхозды аяғынан нық тұрғызған іскер басы Әбдіғашпаш Нұрғазиевпен қызметтес болғаны мақтан етеді. «Өбекен қызмет бабында тым қатал, талапшыл, бірақ қарамағындағыларға ағалық қамқорлығы ерекше еді. Көптің мүддесіне келгенде жанын аямай, уақытпен санасу дегенді білмей, барын салып еңбек етуді сол кісіден үйрендім» деп еске алады. Аудан басшылығы оның қабілетін ескеріп, 1974 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы қызметіне тағайындайды.

Еңбек жолында майталман тұлға Зұлпыхар Мұсахановтан көп өнеге алған. Ол уақытта ауданда күршіті өнімінің сапасын арттыру бағытында ғылыми-әдістемелік семинарлар өтіп тұратын. Сондай жиынның бірінде ауданның бірінші хатшысы Ахметжан Жанпейісовтің ауыл шаруашылығы бөлімінің бас агрономының пікіріне ден қойып, кәсіби кеңесімен санасқан жағдайына куә болдым. Осы жылы Жаңақорған ауданы бірінші рет мемлекетке астық тапсыру жоспарын асыра орындады. Құрманбек-өктің іскерлігі жоғары бағаланып, 1977 жылы «Задария» совхозының директорылығына тағайындалды. Отыз бір жастағы жігіт сол кезде аудандағы ең жас директор еді.

Бұл кезде шаруашылық жер элі толық инженерлік жүйеге келмеген, бірақ жүйелі басшылықтың, тынымсыз еңбектің арқасында «Задария» совхозының өндірістік-экономикалық жағдайы оңалып, күршіттік жер инженерлік жүйеге келтіріліп, ауыспалы егіс танабы іске қосылды.

Мемлекеттік басқару саласында көп жыл қызмет атқарған ғалым-агроном, бүгінде ел ағасы Алмасбек Нәлібаев Тұрсынхан Құрманбек-өктің өндірістегі алғашқы ұстазым болды дейді. «Мен 1981 жылы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп келіп, осы кісінің қарамағына Задария кеңшарына агроном болып бардым. Сол жылдың желтоқсан айында бас агроном болып тағайындалдым. Совхоз директоры Тұрсекең күндіз-түні бір тынбайды. Басшының жанында жас маман маған да тыным жоқ. Таулы жер, малды ауылда мамыражай тірлікті көріп өскен басым қайнаған науқанда су кешіп, Сырдың қалың масасына таланып, бел жазбайтын бейнеттен шағылып кеттім. Төзе алмайтын сияқтымын. Кетуге бел будым. Сонда мені тоқтатқан осы Тұрсекең.

«Адам көрмесе, Құдай көреді. Бір мәнісі болар, кетем деме» деп

ағалық ақылын айтып, жігер берді. Рас екен. Ұстазымның айтқаны келді, еңбегіміз бағаланып, жақсы маман болып қалыптастық. Еңбегіміздің арқасында елдің де алдына шықтық» дейді ол.

1983-1990 жылдары Тұрсынхан Құрманбек-өкпен осы кеңшарда партия ұйымының хатшысы, егіс бригадирі қызметін атқарды. 1990-1992 жылдары Жаңақорған поселкелік кеңесінің төрағасы, 1992-1999 жылдары аудандағы «Атымтай» шаруа қожалығының төрағасы әрі аудандық шаруа қожалықтары қауымдастығының бас директоры қызметтерін қоса атқарды.

Осы бір өтпелі кезеңде Тұрсекең шаруалардың жекеменшік жағдайында жұмыс жасап, нарықтық қатынастардың қалыптасуына айтарлықтай еңбек сіңірді.

Егемен еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік бағдарламаларын жергілікті жерде жүзеге асыру мақсатында Тұрсынхан Құрманбек-өк 1999 жылы аудандағы «Қырқенсе» ауылдық округі әкімі қызметіне сайланды. Бұл кезең ауыл әкімдерінің құзыреті мен қызметі әлі қалыптаспаған кез еді. Әкімнің қолында қаржысы, қызметтік көлігі жоқ, қызметті қаражау атқарса да қалыбына сын түсірмеді. Ауыл халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының оңалуына, елді мекен келбетінің жаңаруына тер төкті. Бұрын жекенің үлесіне беріліп кеткен мемлекет есебіндегі үйді ауруханаға айналдырды. Топтап қалған ауызсу жүйесін және ыза суды сыртқа айдайтын қондырғыны қалпына келтірді. Ауыл клубын жөндеуден өткізіп, ауыл ортасынан мешіттің салынуына мұрындық болды.

Қырқенсе ауылдық округі аумағында Қорасан ата, Қылышты ата, Төлегетай сияқты әулие-әнбие кесенелері орналасқан. Осы тарихи орындардың жойылып кетпеуіне де Тұрсынхан ағамыз совхоз директоры болып жүргенде көп еңбек сіңіргенін білеміз. Кейін ауыл әкімі кезінде қайта салынған Төлегетай-Қылышты ата кесенесі құрылысына техника және адам күшінен көп көмек жасады. Қазіргі кезде бұл жерге еліміздің төрт бұрышынан тәу етіп зиярат жасаушылар мен туристер көптеп келеді.

Тұрсекең ауыл әкімі болған 1999-2010 жыл аралығында Қырқенсе ауылы қайта түлеп, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарды. Көшпелер жарықтандырылып, қиыршық тас төселіп, асфальтталды. Осындай тынымсыз және адал еңбегі оны қоғамға, ел мен халыққа абыройлы етті. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тыңға – 50 жыл», «Қызылорда облысына – 70 жыл», «Ерен еңбегі үшін», Нәзір Төреқұлов атындағы медальдармен марапатталды. «Азаматтық қорғаныс үздігі» төсбелгісінің иегері, республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарды иеленді.

Тұрсынхан Құрманбек-өк 2010 жылы зейнет демалысына шықты. Өз саласының майталманының еңбегі ескеріліп, «Жанақорған ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Ер-азаматтың абыройы артып, мерейінің өсуіне жанындағы өмірлік серігінің демеуі аса қажет. Міне, Тұрсекеңнің жары Токтасын осындай жан, бар күш-жігерін шәкірт тәрбиелеуге арнаған ардақты ұстаз. Екеуі тәрбиелеп-жетілдірген ұл-қыздары Асылжан, Дәурен, Сәкен, Жанна ата-ана сенімін ақтап, түрлі салада абыройлы қызмет етуде. Немерелері де өмірден өз орнын тауып, атасын қуанышқа бөлеп отыр.

Туған жерін түлеткен, жүрген жерге гүл еккен білікті басшы, адал азамат Тұрсекеңнің өмір жолы осылай өрілген.

Ергали ОРАЗБЕКОВ,
Жанақорған ауданының
құрметті азаматы

/// АЛДАБЕРГЕН БИСЕНОВ – 100

ЕҢБЕК ЕРІН ЕСКЕ АЛУ КЕШІ

Биыл Сыр өлінің аяулы перзенті, ауыл шаруашылығын дамытушылардың бірі, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері Алдаберген Бисеновтің туғанына 100 жыл толды.

Ол екінші дүниежүзілік соғыстан І-ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденінің иегері болып елге оралған соң Тереңөзек аудандық байланыс жүйесінде еңбек жолын бастап, одан кейін Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумын бітірген. Жалағаш ауданы «Мәдениет» ауылындағы МТС-та бөлімше механигі, «Еңбек» ұжымшарының бас инженері қызметтерін атқарды.

Іскер ұйымдастырушы Алдаберген Бисенов 1962-1972 жылдары «Жаңаалап» кеңшарында он жыл директор болып қызмет атқарған кезінде күрші егісінің көлемін 2 мың гектарға дейін жеткізіп, әр гектардан 50 центнердің үстінде өнім алынған екен. Осылайша 1971 жылы сегізінші бесжылдықтың қорытындысымен Социалистік жарыста үздік атанып, Одақ көлеміндегі ауыспалы «Қызыл Туды» жеңіп алды. Бұл еңбегі үшін совхоз директоры Алдаберген Бисеновке Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, кеудесіне алтын жұлдыз тақты.

Ауыл шаруашылығы саласында абыройы өрлеп, атағы елге танылған Алдаберген аға осы жылдар ішінде Қазақ ауыл шаруашылығы институтын, сонымен бірге, кеңшар директорларын даярлайтын бір жылдық курсты оқып бітірген болатын. Енді ол кісіге қалаға жақын орналасқан «Қазақстанның 50 жылдығы» шаруашылығы, қазіргі Нағи Лиясов ауылының тізгіні тапсырылды. Деректерге сүйенсек, Алдаберген Бисенов бұл ауылды он алты жыл (1972-1988) басқарыпты. Осы уақытта ауылдың егін және мал шаруашылығын өркендетумен бірге, қарқынды құрылыстар салынып, өндіріс нысандары ашылып, халықтың тұрмыстық әлеуеті көтерілген екен. Сондай-ақ қала тәртібімен көшелер салынып, оны жағалай ағаш отырғызылып, көше бойына жарық жүргізіліп, қазіргіше айтсақ, ауылдың көркіні, абаданған кезі де осы еді.

Иә, кезінде Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенов басқарып, берекелі тұрмыс-тіршіліктің негізін қалаған ауылға бүгінде Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерлиев басшылық етіп отыр. Бұл да тарихы мен тамыры жалғасқан ұрпақтар сабақтастығының айқын бір көрінісі болар. «Елу жылда ел жана» дейді халқымыз. Айтса, айтқандай, осыдан жарты ғасыр бұрын өрлеу-өркендеу жолына түскен ауыл бүгінде тұрмыс-тіршілігі таңғажайып



өзгерген, еліміздегі ең көрікті елді мекенге айналған.

Айта кетейік, сол кеңестік өкімет тұсында КСРО көрмесінің алтын және күміс медальдарын иеленген, Қазақстанның Алтын кітабына аты жазылған Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің есімі өзі туып-өскен Ақкүм ауылындағы орта мектепке берілді, ауылға ескерткіші қойылды. Сонымен қатар, Жалағаш, Тереңөзек кентінде, Н.Лиясов ауылында А.Бисенов атындағы көшелер бар.

Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің туғанына 100 жыл толуына орай Ә.Төжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым, ардагерлер, ғалымдар және жастар қатысқан «Ұғыры биік тау тұлға» атты еске алу кеші өтті. Рухани-танымдық іс-шараны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Ғабит Тұяқбаев жүргізді.

Алдамен Еңбек Ерінің өмірі мен қызмет жолына арналған телехабардан үзінді көрсетіліп, қайраткердің көзін көрген, қатар жүріп еңбек еткен ардагерлердің айтқан естеліктері назарға ұсынылды. Сондай-ақ «Еңбекпен өрілген ғұмыр» атты кітап көрмесі және фотосурет галереясы ұйымдастырылды.

Кеш меймандары, қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстанның Еңбек Ері

Имамзада Шағыртаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бекмырза Еламанов, Әріп Хожбанов, Шакизат Төребаев, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпанов, ардагер-журналист Еркін Әбілов сөз алып, ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушысы, алтын жұлдызды Алдаберген Бисеновтің адами қадір-қасиеті, биік парасаты, елге сіңірген есеп еңбегі, бір сөзбен айтқанда, ғибратқа толы ғұмыр жолы туралы ой-пікірлер мен естеліктер айтты.

Еңбек Ерінің ұрпақтары атынан «Ақ-жарма» ауылының директоры, Сырдария аудандық мәслихатының депутаты Марат Бисенов, Қызылорда қосалалы жоғары колледжінің директоры Маржан Бисенова сөйлеп, кешке келушілерге алғыс білдірді. Сондай-ақ шөбересі Айымхан Хамза атасына арнаған алғысын жыр шумақтарымен жеткізді. Әрі қарай кеш кейіпкеріне арналған өлеңдер оқылып, ән-жырмен жалғасты.

Ақ адал еңбегімен дараланған, Салмағы сом алтынмен бағаланған. Ұлтының ұлағатты перзенті едің, Ұрпағың әрі ісіңнен сабақ алған, – деп ақындар жырлағандай, тұғыры биік тау тұлға Алдаберген Бисенов есімі жылдар өткен сайын жаңғырып, жас ұрпақ алдында дәріптеле берсін.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ӨМІР ТАҒЫЛЫМЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ӨРГЕН

Жуырда ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Жақсыларда жаттық жоқ», «Көзкөрген», «Гауһартас», «Керуен», «Ақ толқын», «Бір нәзік сәулесі», «Қызылқұмның қызы», «Ауылдан аттанғандар», «Толғауы тоқсан тіршілік», «Беласқан» кітаптарының авторы Темірбек Есжановтың «Өн қанатындағы өмір» атты жаңа кітабы жарыққа шықты.

Кітаптың алғысөзінде туған жері Таң ауылының тарихынан деректер келтіріліп, алғашқы құрылған кезінен бері қарайғы тіршілік тынысы, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық ахуалы жан-жақты баяндалған. Сонымен қатар, ел ішіндегі еңбек майталмандары, ауылдан шыққан айтулы азаматтар туралы мағлұматтар әр кезеңнің өзіндік сыр-сипатын аңғартады.

Кітаптың кіріспесіне зер салсақ, ой-пайымы былайша берілген екен: «Біз – ән-жырға әуес, өнерлі халықпыз. Бұл қасиет қанымызда бар. Қазақтың даласы қандай кен болса, ән-жырмыздың да көкжиегі соншалықты кең. Бесік жырынан бастап құлаққа сіңіп, жүректі тербеген әсем әуен мен күмбірлеген құдіретті күй жан серігіміз болды. Атадан қалған асыл мұра, оның бер жағында бар ғұмыры өнерге арнаған талантты тұлғалар қазақтың атын шығарып, даңқын аспандатты. Біз солардың қайсыбірін көріп, қайсыбірін тындап өстік. Осынау құнды дүниелерді көздің қаршығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат тұттық» – дейді қаламгер.

Иә, әрі қарай оқи отырып, Темірбек ағамыздың да жастайынан ән-жырға құмар болғанын, 1971 жылы жоғары оқу орнын бітіріп, арнайы мамандық алып, мектептерде музыка пәнінен сабақ бергенін, тіпті осы жылдары егілі «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің құрамында өнер көрсеткенін хабарлар боламыз. Демек қалам иесінің ән-күй сынды өнер тақырыбына қызығушылық танытуының осындай өзіндік себебі бар.

Кітапта «Көңілім әнді ұғады немесе Абайдың ән әлемі», «Үкілі Ыбырай және Күләш», «Сегіз сері» тақырыбындағы жазған әссе, мақалаларында әрісі Абайдан бастап Сегіз сері, Естай, Мәди, Майра сынды халық ішінде есімі кен тараған жеке дара өнер өкілдерінің, берісі Илия Жаканов, Әбілахан Еспаевтай атакты композииторлар мен Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Мәдина Ерәліева сияқты қазақ өнерінің көгінде самғаған талантты әншілердің өмірі мен шығармашылығы туралы жазған дүниелер жинақталған.

Жақында ғана «Сыр бойы» газетінде жарияланған «Сыған серенадасы» атты мақаласында біртуар талант несі, вальс



«Коммунизм» кеңшарында жұмысы, жанадан құрылған «Таң» кеңшарында механизатор болып еңбек жолын бастады.

Алдына қойған мақсаты айқын жас жігіт Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының «Филология» факультетіне түсіп, оқу орнын «Музыка және әдебиет пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Ұстаздық жолы туған ауылындағы №118 «Таң» орта мектебінде басталса, одан кейін Мырзабай ахун ауылындағы №122 мектепте, араға жылдар салып Қызылорда қаласындағы №235 және №173 орта мектептерінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

Сексенінші жылдардың бас кезінде Темірбек Әубәкірұлының еңбек жолы жаңа арнаға бұрылды. Дәлірек айтқанда, «Таң» кеңшары кәсіподақ комитетінің төрағасы, ауылдық кеңес атқару комитетінің төрағасы, кеңшар директоры қызметтерінің тізгінін ұстады. Ел сенімінің көрінісі болар, үш мәрте жергілікті кеңес депутаты болып сайланды. Бірақ оншақты жылдан соң жанына жақын білім саласына қайта оралды. Осы салада еңбек ете жүріп зейнет демалысына шықты.

Елге еткен қызметі өз денгейінде еленіп, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің озық қызметкері» төсбелгі-сін, мерекелік медальдар иеленді. «Қызылорда облысының құрметті ардагері» атанды. Бүгінде өмірлік жары Зияда апаймен бірге дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, қатарға қосқан перзенттері қоғамның әр саласында абыройлы қызмет етіп келеді. Қазір немере-шөбере сүйіп, бақытқа бөленіп отырған жайы бар.

Жан дүниесі шығармашылыққа жақын Темірбек Әубәкірұлы зейнетке шықса да, ел аузынан естіген құнды деректер, одан бөлек, өз өмірден жиган-тергенін қағаз бетіне түсіріп, көпке ұсынып жүреді. Қаламгердің «Өн қанатындағы өмір» кітабының тұсаукесері туған жері Жалағаш ауданы әкімдігінің қолдауымен «Руханият орталығында» өтті. Жинғына қоғам қайраткері Сәпен Ансатов, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Әліев, аудандық мәслихат хатшысы Өмірзақ Елеусінов, Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, қалалық білім бөлімі кәсіподақ ұйымының жетекшісі Орынша Міржақыпқызы құттықтау лебіздерін білдіріп, сый-құрмет көрсетті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// ТҰСАУКЕСЕР

«ҚАЛЖАН АХУН» КІТАБЫ – ӨТКЕН ТАРИХ ӨНЕГЕСІ

Сыр бойында 1862-1916 жылдары өмір сүрген тарихи тұлға, ғұлама-ағартушы Бөлекбайұлы Қалжан ахунның өмір жолы арқау болған «Қалжан ахун» тарихи-танымдық кітабы жарыққа шықты. Кітап авторы, ахунның ұрпағы, (немере қызы) Шәмсия Қалжанова. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің кітапханасында зиялы қауымның қатысуымен жаңа туындының тұсаукесері өтті.

Сөз басында Қалжан ахун (шын есімі Қалмұхаммед) Бөлекбайұлы кім болған деген сұраққа жауап бере кетсек, ол – Сыр бойында өмір кешкен діни ағартушы қайраткер. Хиуа хандығы тұсында дүниеге келген. Хиуа мен Бұхараның рухани оқу орындарында білім алып, Ислам ілімін және бірнеше ғылымды терең меңгерген ғұлама ұстаздығымен аты қалған.

Әкесі Бөлекбай жасында Қарақалпақ жеріндегі туыстарына келіп, үйлі-жайлы болып тұрақтап қалған екен. Кейін осы елдегі қазақ жұртына басшылық еткені, Хиуа хандығының бегі болғаны айтылады. Әділетті, рухты Бөлекбай бек хан алдында аса беделді адамдардың бірі болған деседі. Ол осы жылдары өмірге келген баласы Қалжанды жеті жасынан бастап оқуға беріп, болашағына зор үміт артқан екен. Дүниеден өтерінде ағайындарына артында қалған 12-13 жасар Қалжанды әрі қарай оқытуға аманаттайды. Осы аманатты ақтаймын деп Көкілташ медресесінде он жыл оқыған, 27 жасына дейін білім алған ұлының қасында анасы қолдап жүреді.

Қалжан Көкілташта оқып жүргенінде Сыр бойынан келген Ораз ахун Бекетайұлымен жақын дос болған. Оның аса зейінділігін, білімдарлығын таныған Ораз ахун қызы Зәйтөкті қосады. Осылайша Қалжан ахун Сыр бойына келіп, Жалағаш ауданы және қазіргі Сырдария ауданы (бұрынғы Теренөзек) жеріне, ағайындарының арасына келіп, қоныстанған екен. Бұл оның отыз жастағы кезі болуы керек. Әу баста алдына қойған мұраты ел ішіне білім тарату болғандықтан, Қалжан ахун бар ықыласымен бала оқытуға кіріседі.

Арада оншақты жыл өткенде, яғни 1902 жылы Қалжан ахун медресе салуды қолға алады, алайда 1916 жылы ғимараттың құрылысы аяқталған кезде ахун өмірден өткен еді. Бұл ғимарат – осы күні Қалжан ахун ауылындағы мемлекеттік маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш.

Кенестік жүйенің алғаш құрыла бастаған тұсында діни қайраткерлерді қудалау, жазалау әрекеттері күшіне мінген кезең болды. Осы кезеңде Қалжан ахун салдырған оқу орнының да қақпасы бұзылып, төбесі қиратылған. Ішіндегі кітаптар да із-түсіз жоғалып кеткен.

«Қалжан ахун – менің атам. Қазір ол кісі салдырған және оның атымен аталатын мешіттің жанында тұрмын. Қазақтар қасиетті санаған мешітті ауыл белсенділері бұзған кезде мен тұлымшағы желбіреген сәби едім. Бірақ сол көрініс түгелдей есімде қалыпты. Осы тұрғанда соның бәрі күні кешегейдей көз алдыма елестейді» деп жазыпты автор Шәмсия Қалжанова.

Кітаптың тұсаукесер іс-шарасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімінің басшысы Нұрлыбек Мыңжас Қалжан ахунның өмір



жолы мен ағартушылық қызметіне тоқталып, ел тарихындағы орнын екішп атап өтті. Ал аталған университеттің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Уалихан Ибраев алғаш рет 2003 жылы оқырманға жол тартқан еңбектің араға 22 жыл салып қайта толықтырылып, жаңадан басылып шығуы туындының тарихи-танымдық мазмұнын байыта түскенін айтты.

Университет профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев жарыққа шыққан жаңа туындыға байланысты пікір білдіріп, есімі ел жадында қалған тарихи тұлға, ағартушы қайраткер Қалжан ахунның өмір жолы тұнған өнеге екенін айтты.

Мәдени сараға қатысқан облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов Қалжан ахунның және ұрпақтарының өміріне қатысты көптеген деректі көпшілікке әңгімелеп, сонымен қатар, ахун өмірден өтсе де өзі өмір сүрген ортада әлі күнге дейін тылсым қасиеті сақталып қалғанына танданысын жасырмады.

Жыныда сөз алған философия ғылымдарының докторы Талғат Жолдасұлы қазіргі күні Сыр бойы дін өкілдерін, оның ішінде, ишандар туралы зерттеп жүргенін, алдағы уақытта Қалжан ахунның тарихи тұлғасы мен рухани мұрасын тереңірек зерттеуге ден қойып отырғанын айтты. Ал теолог Бақтияр Оспанов ахунның діни-ағартушылық қызметіне тоқталып, оның медресе салудағы еңбегін ерекше атап өтті. Ол ахунның бірнеше ғылымды игергенін, көпшілік біле бер-

мейтін тағы бір қыры – селекционер болғандығын айтып, бұл кітаптың негізінде әлі де бірнеше тың еңбек жазылатынына сенім білдірді.

Іс-шараға Қалжан ахунның ұрпақтары, медицина ғылымдарының докторы Жанат Испаева, заң ғылымдарының докторы Гүлнар Испаева қатысты.

Ахунның немересі Гүлнар Испаева Қалжан ахун тұлғасын кітап етіп хаттап кеткен анасының еңбегін ерекше атап өтті. Сол еңбектің жалғасы ретінде жарыққа шыққан «Қалжан ахун» атты жаңа кітапта ахунның өмір жолымен қатар, оның ұрпақтары Уамық, Мағұмар мақсұмдар туралы жүрт біле бермейтін тың деректер берілгеніне назар аударды. Айтуынша, анасы Шәмсия Қалжанова Ұлттық ғылым академиясының архивтік қолжазбалары арасынан әкесі Уамық мақсұмның өлеңдерін тауып, арабшадан қазақшаға аударып, «Қалжан ахун» кітабының алғашқы нұсқасына енгізген екен. Ана аманаты бойынша 2021 жылы Алматы қаласындағы «ARNA» баспасынан Уамық Қалжанұлының өлеңдері өз алдына бір кітап болып шығыпты.

Рухани-танымдық іс-шараға профессор-оқытушылар, студенттер және зиялы қауым қатысып, кітаптың мазмұны мен автор еңбегі туралы пікір алмасты. Кеш соңында жаңа кітаптың тұсауы кесіліп, оқырмандарға сыйға тартылды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



ГҮЛ СЫЙЛАР ЕДІМ...

Импорт немесе өзгеге кеткен теңге

«Сонғы қоңырау» салтының мұндай «салтанатын» бекер бастамадық. Ысырапшылық тақырыбын біз айтпасақ та көзі қарақты оқырман біледі. Бірақ соншама далаған ғұмыры ұзақ емес затқа кеткен теңге ата-ана жалқысының бір бөлігін ойып алғаны анық. Сонымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесінен бөлек, «Сонғы қоңырау» дейтін дүбір шыққалы гүл бағасы көкке ыршитын болыпты.

Енді қараныз, бағамдай алсақ гүл біткен Қазақстанға сырттан келеді. Отандық өнімдер аз емес, бірақ осы көз жауын алар өсімдік біткеннің денін Эквадор, Қытай, Голландия, Нидерланды, Кениядан тасимыз. Айтпалық, былтыр шетелден 168 млн тал гүл импортталған. Ал өткен жылы өзімізде 42 млн-нан астам гүл өсіріліпті. Айтпалық, шетелдік жеткізушілердің тізімінде Эквадор әлі де көш бастап тұр, ал екінші орынға Қытай жайғасты. Қытайдан бір жылда 2,7 мың тонна гүл жеткізіліп.

Қытай демекші, осы жылдың басынан бері Қорғас өткізу бекеті арқылы жаңа кесілген гүлдердің экспорты арқан. Ресми деректерге сүйенсек, 2026 жылдың алғашқы төрт айында жеткізілім көлемі 4987,1 тоннаға жетіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,1% көбейіпті. Бұған Орталық Азия елдерінде гүл өнімдеріне деген сұраныстың көбеюі ықпал еткен. Сатып алушылар арасында Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданындағы Іле Қазақ автономиялық округінде өсірілген гүлдер ерекше таңымал деседі. Бұл өнімде гүлдердің трансшекаралық саудасымен айналысатын қазақстандық кәсіпкерлер де белсенді жұмыс істеп жатыр.

Жоғарыда айтқан мемлекеттерден бөлек, Қазақстанға шағын гүл топтамаларын жеткізушілер арасында Эфиопия, Колумбия, Түркия, Италия, Чили, Оңтүстік Африка, Беларусь, Германия, Франция, Малайзия, Испания бар. Сондай-ақ бұл тізімде Израиль, Өзбекстан, Ресей мемлекеттерін қарастыруға болады. Демек, қазақ теңгесінің жер шарының әр түркісіне «ұшатынын» өзіндік бағамдай беріңіз.

Мұндай сауда күнде болмас...

Мереке қарсаңында гүл саудасы қызды. Осы сауда түрімен айналысатындар гүл бизнесінің үлкен тәуекелі бар екенін айтады. Көзін тапсаң, күтпін жасаған қана сырттан алдырған гүл саудасы өзін-өзі ақтайды.

– Біздің гүл салынына келетін өнімді өзге мемлекеттен тікелей жүк көлігімен алдырамыз. Қытай, Голландия және көрші Өзбекстан елінен келген гүл бумаларын сақтау мерзімі ұзаққа жетеді. Ал жергілікті өнімнің ғұмыры ұзақ емес. Әрі кетсе үш-ақ күн. Бәлкім, біздегі гүл өсіретін жылыжайларға арнайы маман немесе өзге де бір ғылыми фактор жетіспеуі мүмкін. Бұл – өз ойым, – дейді қаладағы «Камелия» гүл дүкенінің әкімшісі Маржан.

Маржанның сөзінше, қызылордалықтардың көбісі раушан гүлін таңдайды. Сауда айналымында да осы өнім тұр. Қазір дүкенде 10 шақты раушан түрі сатылымда. Әрі апта сайын жаңа тауардың келуі тоқтаған емес.

– Мысалы, шетелден келген гүл өнімдерінің 90 пайызы раушан десем, қателеспеймін. Қалғаны әртүрлі. Хризантема, пиона және басқа да экзотикалық өсімдіктер жеткілікті. Бірақ жасқа да, жасамысқа да ұнайтыны сол раушан, – деп ағынан жарылды ол.

Ол 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесінен бөлек, «Сонғы қоңырау» және «Білім күні» сауданың қыза-

тынын айтады. Тапсырыс көбейеді, түсім де осы кезде артады. Басқа күндері де аталған гүл дүкеніне келуші көп.

– Бірақ әлеуметтік желілерде жүргендей, 1001 тал раушан гүлін дайындауға ұсыныс болмады. Кешегі «Сонғы қоңырауда» біздің қыз-жігіттер әрі кетсе 301, 201 тал гүл шоғырына тапсырыс алғаны рас. Көбіне-көп 101 тал раушан дайындалды. Мүмкін, басқа гүл дүкендеріне мұндай тапсырыстарды дайындаған болар, – деп күлді Маржан.

«Сонғы қоңырау» демекші, аталған күні мектеп бітіруші қызынан 101 тал гүл апарып қуантқан қала тұрғынымен тілдестік.

– Қатарынан қалмаса дейсің ғой. Мектеп бітіру күнінде сол 101 тал гүлді 34500 теңгеге алдырдым. Ал ағасы 71 тал гүлді 23 мың теңгеге сыйлады. Екеуі де әр түсті раушан. Қосымша шығындарымен 70 мыңға дейін пұл жұмсадым. Бірақ мұның өзі кейбір отбасыға салмақ екені рас, – дейді Ерлан.

Оның айтуынша, мұндай сома бір отбасының екі, тіпті бір апталық азық-түлік шығыны екен. «Баланы қуантқан дұрыс, бірақ тым асыра сілтеу қажеті жоқ» деп кейіпкерімнің өзі де ағынан жарылғандай болды.

Сапалы өнімге ғана сұраныс бар

Мамандардың айтуынша, кәсіптің осы түрі дамуы үшін жылжымайтын көптеп салған дұрыс. Өнім өзімізден шықса, сыртқа тәуелді болмас едік. Баға да тұрақты болады. Бұл үшін мемлекет тарапынан тиісті шаралар іске асуы керек, ойтпесе алдағы уақытта қайта-қайта импорт «илеуіне» түсетін түрміз бар.

Ал елімізде өсірілетін гүлдің 90 пайызы отандық жылыжайларға тиесілі. Бұл ретте Алматы облысы көш бастап тұр. Мұнда жылына 32 миллион тал гүл жиналады. Шығыс Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарында өндіріс көлемі күрт қысқарған. Яғни өндіріс көлемі 16 еседен 31%-ға дейін төмендеген. Ал оңтүстік өңірлерде сәла белсенді дамуда. Әсіресе, Шымкент қаласы. Олай деуге себепші бар. Қазіргі Қызылорда қаласының орталығын көрікке бөлеп тұрған көшеттің дені – Шымкент пен Алматы қаласындағы питомниктерде өсіріледі.

– Біздің облыстың өзіміз білесіз, климаты ыстық болғандықтан, мұнда аптапқа тәзімді гүл түрлері таңдалады. Алайда олар тек ыстыққа шыдамдылығымен ғана емес, ұзақ уақыт жайқалып өсіп, айналға сән беруімен ерекшеленеді. Менің бригадам мамыр айынан бастап петунья, шапыран гүл, сальвия, цинния және гладиолус сияқты түрлі гүл егеді. Әрине, алдымен жерін дайындап, түрлі зиянкестерден арылтамыз. Тыңайтқыш қосамыз. Содан соң әртүрлі сазба, мысалы, ою-өрнек ретінде дайындалған жерге түсті гүлдерді ретімен отырғызу басталады. Біздің 30 шақты жерге нысанамыз бар. Олар темиржол вокзалы мен әуежай арасында орналасқан. Қазір 40 кәсіпкер осындай қала көшелеріне ерекше көрік беріп, тұрғындарға тамаша көңіл күй сыйлау үшін еңбек етіп жүр, – дейді «KazStroyCapital» ЖШС бригадирі Гүлнар Қалжанова.

Кешегі «Сонғы қоңырау» дүрмегімен сырт елдерді шарлап қайтқандай болды. Дегенмен үміт те жоқ емес. Қызғалдақтың отаны Қазақстан екені әлдеқашан дәлелденбеп пе еді? Өйткені, селекциялық жолмен өсіріліп, әлемге таралған көптеген қызғалдақтың түп атасы елдің оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірінің кей жерлерінде (40-қа жуық түр бар) ежелден өседі. Әрі табиғи түрде. Демек, ғылым мен кәсіпті ұштастыра біздегі гүл өсіру өндірісін кеңейтсе, баға да бұзылмайды, экспорт та артады. Сіз бен біз де қазақ топырағында өскен гүлді құшаққа көбірек аламыз.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

«СП» Хорасан - У(Хорасан-У) ЖШС 9.06.2026-15.06.2026 ж. аралығындағы кезеңде Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында, <https://ndbecology.gov.kz> «Жаңақорған ауданы Байкенте ауылында орналасқан Хорасан-1 кенішінің геотехникалық полигондағы СЖР-3 нысанына дейінгі ұзындығы 8 км асфальт-бетон жамылғылы автомобиль жолының құрылысы» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Ұлттық экологиялық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жобалық құжаттама пакетімен танысуға және ескертүүлер мен ұсыныстарды беруге болады.

Объявление

ТОО «СП» Хорасан-У(Хорасан-У)сообщает о том, что в период с 9.06.2026 по 15.06.2026 г. на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, <https://ndbecology.gov.kz> будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Устройство асфальтированной дороги протяженностью 8 км до СЖР-3 на геотехническом полигоне рудника «Хорасан-1» в селе Байкенте Жанакорганского района».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных <https://ndbecology.gov.kz> а также для предоставления замечаний и предложений.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: sm-jarnama@yandex.kz



«Авиценна» Республикалық дәрігерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы Қазалы аудандық көпбейінді орталық ауруханасының бас дәрігері Қадірбек Раманқұлұлына өкесі Раманқұл Жұбатырұлының дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

www.facebook.com/syrboi.kz/

<https://twitter.com/syrboi>

www.instagram.com/syrboi.kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboi@yandex.kz / www.syrboi.kz

Таралымы 21038

Тапсырыс №1002

Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА